

ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ

Мемлекеттік тілді дамыту басқармасы

«Тестілеуді ұйымдастыру» ғылыми-әдістемелік зертханасы


ҚАЗТЕСТ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ТЕСТІЛЕУ

ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеу Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттерін орындау мақсатында өткізіледі:

Мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесін ұлғайту («ҚАЗТЕСТ» тапсырудың нәтижесі бойынша):


- 2014 жылға қарай – 20%,
- 2017 жылға қарай – 80%,

ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеуге қатысатындар:



Тестіленушілер санының динамикасы

Тестілеу аймақтық тілдерді дамыту басқармалары мен мемлекеттік тілді оқыту орталықтарымен бірлесіп өткізіледі. Жүйе құрылғаннан бері (2006 жыл) тестіленушілер санының динамикасын байқауға болады.



ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеу түрлері

ҚАЗТЕСТ-ті екі жолмен тапсыруға болады:



ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеу өткізу алгоритмі екі кезеңнен тұрады:

I кезең – ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтау мақсатында өткізілетін тестілеу. Нәтижесінде оқу курс тыңдаушылары 5 топқа бөлінеді. Анықталған топта белгілі мерзімде тыңдаушылар оқыту курстарына қатысып, курстың соңында тестілеудің II кезеңі өткізіледі.

II кезең – ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін бағалау мақсатындағы тестілеу. Тіл қолданушы қазақ тілін белгілі деңгейде меңгергенін растайтын сертификаты беріледі.

Қазіргі таңда аймақтырдың басым бөлігінде тестілеудің I-кезеңі аяқталды.

Диагностикалық және сертификаттық тестілеудің айырмашылықтары

Диагностикалық тестілеудің сертификаттық тестілеуден айырмашылығын салыстырмалы түрде келтірейік.


Диагностикалық тестілеу		Сертификаттық тестілеу	
Артықшылықтары	Қиындықтары, кемшіліктері	Артықшылықтары	Қиындықтары, кемшіліктері
Тілді меңгеру деңгейін анықтайды		Тілді белгілі деңгейде меңгергенін бағалайды	
	Анықтама беріледі	Мемлекеттік үлгідегі сертификат беріледі	
	Жарамдылық мерзімі анықталмаған	Сертификат 2 жылға жарамды	

«өтті – өтпеді» деген ұғым болмайды			Необходимо набрать пороговые баллы 60% по каждому блоку в отдельности
	Тест 5 деңгейді, яғни қысқа да көлемді де мәтін-диалогтерді қамтиды	Белгілі бір деңгейдің ғана тапсырмаларын қамтиды (мысалы, А2 деңгейін таңдаса В1, В2, С1 деңгейлерінің мәтіндері мен диалогтері тестке кірмейді)	
3 бөлік бойынша ғана бағаланады (тыңдалым, лексика-грамматикалық бөлік, оқылым)			4 бөлік бойынша бағаланады (жазылым бөлігі қосылады)
Сайтта онлайн-тестілеу арқылы байқау сынағынан өтуге мүмкіндік бар			Сертификаттық тестілеудің байқау сынағы жоқ
2 сағат 30 минут уақыт алады			Диагностикалық тестілеуден көбірек уақыт алады, себебі жазылым бөлігі қосымша 30-50 минут уақыт алады.
		Тестке дайындық ретінде әр деңгейге арналған «Тіл – құрал» әдістемелік құралдары бар	
Нәтижесін бірден білуге болады			Нәтижесі 3 күннің ішінде дайын болады (лекпен тестілеу болмаған жағдайда)
Тесттен өту саны шектеусіз (лекпен тестілеу болмаған жағдайда)			Тестілеу сәтсіз өткен жағдайда тестіленуші қайтадан тапсыруға 3 айдан кейін келе алады

Аймақтардағы тестілеу


Бүгінгі күні республикамыздың аймақтарында мемлекеттік мекемелерде қызмет атқаратын, ересек тұрғындардың 90% диагностикалық тестілеуден өтті. Сертификаттық тестілеуге қатысқан тестіленушілер саны орта есеппен 10%-ды құрайды.

Болашақта сертификаттық тестілеуге қатысатын контингентін қалыптастыру жұмыстары атқарылады. Келесі диаграммада 2015 жылғы республикамыздың аймақтарында өткен диагностикалық және сертификаттық тестілеудің нәтижесі берілген:



Тестіленушілердің контингенті

Білім беру саласындағы түрлі тестілеу ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеудің ерекшелігін есепке ала отыра ҚАЗТЕСТке қатысушылар контингенті әркелкі болуы туралы айтуға болады. Егер 2006 жылы тест тапсырмаларына байқау сынақтарын өткізу үшін колледж бен мектеп оқушылары арасында тестілеу өткізілген болса, 2008 жылдан бастап жыл сайын мемлекеттік қызметшілер мен азаматтық қызметкерлер үлесі арта түсуде. 2015 жылғы қатысқан тестіленушілер арасындағы мемлекеттік қызметшілердің үлесі 59,3% құрайды. Бюджеттік сала қызметкерлері тестілеуге қатысушылардың басым бөлігін құрайды.



Мемлекеттік қызметшілер

Республикамыздың астанасындағы орталық атқарушы орган қызметкерлері де жыл сайын қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтау үшін диагностикалық тестілеуден өтеді (2015 жылдың көрсеткіші).

15 - ҚР Әділет министрлігі

65 - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі

77 - ҚР Қаржы министрлігі

109 - ҚР Сыртқы істер министрлігі

196 - ҚР Мәдениет және спорт министрлігі

260 - ҚР Ұлттық экономика министрлігі

324 - ҚР Энергетика министрлігі

485 - ҚР Инвестициялар және даму министрлігі

659 - ҚР Ішкі істер министрлігі

692 - ҚР Қорғаныс министрлігі

Мемлекеттік қызметшілердің «А» корпусы жыл сайын диагностикалық тестілеуден өтуде:

2013 жылы - 1 123 үміткер;

2014 жылы - 365 үміткер;

2015 жылы - 165 үміткер.

Тест тапсырушылардың азайған себебі «А» корпусындағы мемлекеттік қызметшілер құрамы жыл сайын толық өзгермейді, тек қана жаңа кадрлармен толықтырылып отырады.



Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері мен үміткерлері ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеуден өтуі тиіс. 2015 жылғы республикамыздың 19 аймағында 1732 қызметкер тестілеуден өтті, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметкерлері.

«Болашақ» стипендиясының үміткерлері

«Болашақ» халықаралық стипендиясының үміткерлерінің қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтауда ҚАЗТЕСТ тестілеуін өткізу үрдіске айналып отыр. Нәтижесін келесі көрсеткіштерден көруге болады:

2008 жылы – 1 300 үміткер;

2009 жылы – 2 479 үміткер;




2010 жылы – 2 306 үміткер;
2011 жылы – 1 400 үміткер;
2012 жылы – 1 600 үміткер;
2013 жылы – 2 378 үміткер;
2014 жылы – 1 635 үміткер;
2015 жылы – 826 үміткер.

Тестіленушілер санының соңғы екі жылда азаю себебі – ол ҚАЗТЕСТ тестілеуін екі түрлі формада өтуге болатын мүмкіндіктің пайда болуы: 1-ші жолы – 50-60 адамнан жинақталған лектік диагностикалық тестілеу, 2-ші жолы – әрбір үміткер өз бетінше, қалаған уақытында сертификаттық тестілеуден өте алады. Бірінші жағдайда «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ топтарды жасақтап, келісілген мерзімде емтихан ұйымдастырады. Екінші жағдайда үміткер Ұлттық тестілеу орталығына келіп, деңгейіне байланысты белгілі бір күнге жазылады. А1, А2, В1, В2 деңгейлердегі сертификаттың жарамдылық мерзімі – екі жыл, С1 деңгейдегі сертификат – 3 жылға жарамды болып саналады.

ДБҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептері»

ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ тілдің үштұғырлығы саясатын қолдауды жүзеге асыру мақсатында республикамыздың барлық аймақтарындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің ұстаздар құрамы мен басқарушылық қызметкерлері тестілеуден өтеді. Жұмысқа жаңадан қабылданған ұстаздар мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтау бойынша тестілеуге қатысып, жұмыс істейтін қызметкерлер сертификаттық тестілеу тапсырады. Жалпы, 2015 жылы 1773 қызметкер тестілеуден өтті.



«Нұр Отан» саяси менеджмент мектебінің қызметкерлері жыл сайын А1, А2, В1 деңгейлері бойынша сертификаттық тестілеуден өтеді.

Алматы қаласында орналасқан Қазақстан Республикасының Ұлттық банк ғимаратында ҚАЗТЕСТ жүйесінің таныстырылымы ұйымдастырылды және банк қызметкерлері диагностикалық тестілеуден өтті. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлерінің арасында да диагностикалық тестілеу өткізілді. Тестілеуге қатысқан қызметкерлер саны – 734 адам.



Акционерлік қоғамдар, ұлттық компаниялар және т.б. мекемелердің қызметкерлері мемлекеттік тілді меңгеруі тиіс тестіленушілер контингентінің ажырамас бөлігі болып табылады.
«ҚазТрансОйл» АҚ, «KEGOC» АҚ, «ҚазАтомПром»



ҰК АҚ сияқты мекемелердің басшылығы мемлекеттік тіл мәртебесіне ерекше мән береді және қазақ тілін оқыту курстарын тиімді



ұйымдастыру мақсатында жыл сайын ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеуге қатысады. 2015 жылы «Астана Аэропорты» АҚ тестілеуге қатысу үшін бірінші рет өтініш білдіріп, 490 қызметкерін тестілеуден өткізді.

Сапалық көрсеткіштер

Сандық көрсеткіштермен қатар, сапалық ілгерілеу байқалады. Атап айтқанда, тестілеуге қатысушылар арасындағы базалық деңгейді меңгерген тестіленушілердің үлесі артып келеді. Мысалы, 2014 жылы бұл көрсеткіш (үлес) – 83% құраса, 2015 жылы – 86% болды.

Сонымен қатар, жыл сайын жалпы тестіленушілер санымен салыстырғанда сертификат алғандар санының өскендігін көруге болады.

2013 жыл			2014 жыл			2015 жыл		
Қатысқандар саны	Сертификат алғандар саны	Пайыздық көрсеткіш	Қатысқандар саны	Сертификат алғандар саны	Пайыздық көрсеткіш	Қатысқандар саны	Сертификат алғандар саны	Пайыздық көрсеткіш
1 863	593	32%	1 596	745	47%	5 773	330	58%

2016 жылға арналған тестілеуді ұйымдастырудың келешекті міндеттер:

1. ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау мен анықтаудың тиімділігінің әлеуметтік зерттеулерлерін өткізу.
2. Сертификаттық тестілеу контингентін арттыру жұмыстарын жүргізу.
3. ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеу технологиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.